

Марат Оспанов атындағы
Батыс Қазақстан Мемлекеттік Медицина
Университеті

Мамандығы : Жалпы тәжірибелік дәрігер

Кафедра : Фтизиатрия және

дерматовенерология

Интерннің өзіндік жұмысы

Тақырыбы : ТУБЕРКУЛЕЗ ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ
АУРУЛАР.

Орындаған: Махан А.Е

Тобы: Қ 13

Тексерген: Ермекбаева

К.Ж

Жоспары :

- Туберкулез және алкоголизм
- Туберкулез және нашақорлық

Туберкулез және алгоголизм

Алгоголизмге шалдыққан туберкулезбен ауыратын науқастар әлеуметтік және эпидемиологиялық жағынан қауіпті топқа жатқызылады. Бұлар толыққанды емделуге , оның ішінде туберкулезбен емделуге қиындықпен көнеді. Созылмалы алгоголизмге шалдыққан науқастардың ішінде туберкулездің жиілігі жоғары. Бір мезгілде туберкулезбен және созылмалы алгоголизммен , негізінен 30-60жастағы ер адамдар ауырады. Алгоголизммен ауыратын науқастар туберкулезбен ауыратындардың қауіпті тобына жатады. Туберкулез алгоголизмге жиі қосылады, туберкулезбен ауыратын науқастар сирек жағдайда алгоголизммен ауырады.



АЛКОГОЛИЗМ

ТУБЕРКУЛЕЗ



Шағымдары жиі болмайды.Өршімелі туберкулезде ден қызуының артуы,улану белгілері,қақырықты жөтел,ентігу анықталады.Туберкулездің клиникалық көріністерінің ерекшелігіне алкоголизммен бірге жүрек қан тамыр жүйесінің,асқазан ішек жолдары аурулары да әсер етеді. Туберкулезбен асқынған алкоголизм ұзақ уақыт салынып ішумен,алкогольді психозбен өтетін қатерлі ағымға ие.Бұл туберкулез ағымын қиындатады.

Қақырықты бактериологиялық зерттеуде,туберкулезге және алкоголизмге шалдыққан науқастарда,әдетте ТМБ анықталады.Рентгенологиялық көрінісі туберкулездің басқа түрлерінен еш ерекшеленбейді.

Алкоголизммен ауыратын науқастар емделу тәртібін жиі бұзады. Сондықтан емдеу үшін туберкулезге қарсы және ішімдікке қарсы препараттарды парентеральды енгізген жөн. Үшінші кезеңдегі алкоголизмде орталық жүйке жүйесіне әсер ететін препараттарды тағайындауға болмайды. Туберкулезге және алкоголизмге шалдыққан науқастардың үлкен эпидемиологиялық қауіптілігін, сондай ақ химиялық терапияны өткізу қиындығын ескере отырып, хирургиялық емге көрсеткіштер кеңейтіліп, операция алды химиотерапия мерзімі мүмкіндігінше қысқартылуы керек.



Алкоголизм - медициналық тілмен айтқанда созылмалы ауру, спирттік ішімдіктерді жиі және көп мөлшерде қолдану және оларға деген дертті әуестік нәтижесінде дамиды. Алкоголизмнің әлеуметтік анықтамасы –денсаулыққа, тұрмысқа, еңбекке және қоғам сәттілігіне зиянды әсер тигізумен жүретін спирттік ішімдіктерді шектен тыс пайдалану.






Адам есірткілерге тәуелділіктен зардап шегеді. Кез келген есірткілерді қолданудың белгілері:

- терісінің ағаруы;
- ұйқысының бұзылуы (мүлдем ұйықтамау немесе тым ұзақ ұйықтау)
- тәбеттің бұзылуы (тәбеттің болмауы немесе үйге оралған соң, оның кенет көтерілуі, шамадан артық шөлдеу)
- сөйлеу мәнерінің өзгеруі («шұбатылған» баяу сөз)
 - көздің қарашығы көлемінің өзгеруі (көз қарашығының кенеттен үлкеюі немесе түйреуіш басының көлеміндей тарылуы)
- баланың терісінен және киімдерінен өзгеше иістің шығуы
- қозғалу координациясының бұзылуы. Бала тәртібінде келесі өзгерістер байқалады:
 - жан жағындағы оқиғаларға бейтараптық;
 - үйде болмау, мектептегі сабақтарға бармау, оқу үлгерімінің төмендеуі;
 - есте сақтау қабілетінің төмендеуі;

Наша қорлық пен ұят қорлықтың этиологиясы.

- Апиын тектес (героин, морфин, апиын өнімдері, мәселен, омнопон т.б.) заттарды;
- Орталық жүйке жүйесінің сергіткіштерін (кокаин, марихуана т.б. Кендір өнімдерін);
- Көз алдына елестеткіштерді (галюциногендерді), мәселен, диетиламид лизергин қышқылы (ЛСД), мескалин т.с.с заттарды жатқызуға болады.



Физикалық тәуелділік сатысы

Бұл кезде жан дүниеге әсерлі заттың белгілі деңгейінде қанда болуына организм бейімделеді осы деңгейден оның мөлшері азайғанда немесе оны қабылдауды тоқтатқанда организмде доғару синдромы дамиды .Адамның көңіл күйінде қобалжу қанағаттандылық зарығу айналасындарға өшігу сияқты организмнің жайсыздығы және вегетативтік бұзылыстар байқалады



***Пайдаланылған
әдебиеттер :***

**М.И ПЕРЕЛЬМАН
И.В.БОГАДЕЛЬНИКОВА
ФТИЗИАТРИЯ ОҚУЛЫҚ
МӘСКЕУ ЖЫЛ**